

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ АКИМДІГІ
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БЕРУ БАСКАРМАСЫНЫҢ
«ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРГА
АРНАЛҒАН АБАЙ АТЫНДАҒЫ
ГИМНАЗИЯ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

22 ж. «08» 02
№ 1-22/10

Павлодар педагогикалық
институтының ПМНО- 11 тобының
1 курс студенттерінің өткізген
оку-танысу практикасына

ПІКІР

2022 жылдың қаңтар айының 24-нен ақпан айының 4-не дейінгі аралықта оқу (танысу) педагогикалық практикасын «Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия» КММ бастауыш сынптарында өтті.

Студенттер практиканы өту барысында бастауыш сынып мұғалімдерінен сынып тізімін алғып, сабак кестесімен танысты. Қазақ тілі, әдебиеттік оқу, математика, дүниетану, жаратылыстану пәндеріне толық қатысты. Қоңырау кезінде балаларға қызықты ойындар ойнатты. Күнделікті балалардың асханаға барып тамақтанған кезінде, тәртіпперін қадағалады. Мектеп кітапханасына балаларды апарып, кітаптар оқытып, қызықты кітаптар таңдауға болысты. Балалардың ауызша тілдік қорын дамыту үшін және шапшаң оқуға дағдыландыру үшін түрлі мәтіндер, ертеғілер оқытты. Түрлі тақырыптарға мақал-мәтел, жаңылтпаштарды жаттатып, сынып ішінде мақал жаттаудан сайыс өткізді.

Студенттер педагогикалық жұмысқа икемді, ізденгіш, әдепті, ұстамдылығымен көріне білді. Келешекте жұмыс істеу барысында аянбай қызмет ететін маман болатындығынан зор үміт күтүге болады.

Бастауыш әдістеме бірлестігінің жетекшісі:  Ж.К. Абильдинова

